

**«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш аудандық бойынша
білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№2 Жамбыл атындағы орта
мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» мемлекеттік
коммуналдық мекемесі**

2022-2023 ж талдау есебі

05.08 - 01.09.2022 аралығында оқулықтарды оқушыларға тарату жұмысы жүргізілді, және ауданнан жаңа оқулықтар келді. Олар 2-сынып және мектеп алды даярлық оқулықтары болып табылды. Осы орайда сынып жетекшілері оқушы санына байланысты оқулықтарды 100% санап алды. Жалпы мектеп оқушыларына оқулықтар 100% таратылды.

2022 жылдың 5-қыркүйегінде Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «**Ұлттың ұлы ұстазы – Ахмет**» атты кітап көрмесі ұйымдасмытырылып, 7-сынып оқушыларына тұлғаның өлеңдерін мәнерлеп оқытып, жатқа айтқызу шаралары атқарылды.

<https://www.facebook.com/groups/2958909037673347/permalink/3354003231497257/?sfnsn=mo&ref=share>

10.09.2022 жылы 1-сынып оқушыларымен бірге «**Жас дос – жаңа оқырман**» атты кітапханаға саяхат ұйымдастырылды. Бұл шараның мақсаты, жас бүлдіршіндердің кітап оқуға деген қызығушылықтарын оятып, патриоттық сана-сезімдерін қалыптастырып, білім көкжиектерін дамыту болып табылады.

<https://www.facebook.com/groups/2958909037673347/permalink/3382401301990783/?sfnsn=mo&ref=share>

28.09.2022 жылы жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың 125 жылдық мерейтойына орай мектеп кітапханашысы Ж. Нуртаеваның ұйымдастыруымен «**Ұлы даланың ұлы жаршысы**» атты дөңгелек үстел болып өтті. Бұл шараның мақсаты: Оқушыларға М. Әуезовтың өмірі мен шығармашылығын тереңнен танытып, жазушының еңбектерімен таныстыру. Аталмыш шара 10-11 сынып оқушыларының қатысуымен өтті.

<https://www.facebook.com/groups/2958909037673347/permalink/3716273058603604/?mibextid=UyTHkb>

11.10.2022 жылы Мәншүк Мәметованың туылғанына 100 жыл толуына орай «**Қаһарман қызы қазақтың**» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Шара барысында 7-9 сынып оқушыларына Мәншүк Мәметованың өмірі мен ерлігі жайлы тереңірек таныстырылды.

<https://www.facebook.com/share/v/19xHyWXEpY/>

19.10.2022 жылы Қаз дауысты Қазыбек бидің туғанына 355 жыл толуына орай оқушыларды оқушыларға ұлы тұлғаның даналығын жан-жақты таныстыру мақсатында мектеп кітапханашысы Ж. Нуртаеваның ұйымдастыруымен «Бабадан қалған асыл сөз» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Бұл шараның мақсаты: Жас бүлдіршіндердің кітап оқуға деген қызығушылықтарын оятып, патриоттық сана-сезімдерін қалыптастырып, білім көк жиектерін дамыту.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=521040959073288&id=100035021662232&sfnsn=wa

"Оқуға құштар мектеп" жобасын жүзеге асыру мақсатында жыл бойына «Өзің оқы, өзгеге ұсын» атты «READx» жобасы аясында оқырмандардың көркем әдебиетке деген құштарлығын арттыру, мақсатында жұмыстар жасалынып жатыр. Шараның мақсаты: оқырмандарды кітап алмасуға, оқыған кітаптары бойынша ой бөлісуге шақыру болып табылады.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=521040959073288&id=100035021662232&sfnsn=wa

11.11.2022 күні 2-4 сыныптар арасында мектеп кітапханашысы Ж.Нуртаеваның ұйымдастыруымен «Тез оқуды үйренейік» атты «Жылдам оқу» сайысы ұйымдастырылды. Бұл шараның мақсаты: Оқушыларды кітап оқуға және көп оқуға тарту. Кітап арқылы білімдерін кеңейту, кітап оқуға ынталарын арттыру, көпшілік алдында өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету, тіл байлықтарын дамыту.

<https://www.facebook.com/share/v/LmsKJ2YrHtWPSB5g/?mibextid=WaXdOe>

21.11.2022 күні мектеп кітапханасында ұлы тұлға, көрнекті ақын Дулат Бабатайұлының туылғанына 220 жыл толуына орай кітапханашы Ж.Нуртаеваның ұйымдастыруымен «Заманның заңғар тұлғасы» атты дөңгелек үстел болып өтті. Бұл шараға 9-10 сынып оқушылары қатысты. Іс-шараның мақсаты: елдіктің жырлаушысы, еркіндіктің жоқшысы, ақын Дулат Бабатайұлының өмірін, шығармаларын оқушыларға терең таныстыру. Ақынның шығармалары арқылы елін, халқын сүюге, адамгершілікке тәрбиелеу. Оқушының шығармашылық ізденісін арттыру.

<https://www.instagram.com/p/C6D2kHjM11V/?igsh=MXA3YnZvZ2F5ZDk4MA>

==

14.12.2022 күні оқушыларға «16 желтоқсан – құрбандарды еске алу» атты түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бұл шараның мақсаты: желтоқсан оқиғасының тарихын, маңызын тереңнен түсіндіру, сол көтеріліске қатысқан жастардың ерлігін, жақсы қасиеттерін үлгі тұту.

<https://www.facebook.com/groups/2958909037673347/permalink/3148522518711997/?sfnsn=mo&ref=share>

15.12.2022 күні Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықовтың туылғанына 100 жыл толуына орай «Ерлік пен махаббат жыршысы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Бұл шараның мақсаты: Оқушыларға жазушының өмірі мен шығармашылығынан мәлімет беру.

<https://www.facebook.com/share/v/Eb73fCSc3TXmE8LE/?mibextid=WaXdOe>

10.01.2023 күні мектеп кітапханашысы Ж.Нуртаеваның ұйымдастыруымен 5-11 сыныптар аралығында «Дара дана тұлға - Қонаев» атты кеш өткізілді. Бұл шараның мақсаты: Қазақтың ұлы тұлғасы, қайталанбас дара тұлға Д.А.Қонаевтың халық үшін атқарған еңбектерін келешек ұрпаққа насихаттау, мәңгі жадында сақтауға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/Eb73fCSc3TXmE8LE/?mibextid=WaXdOe>

23.01.2022 күні «Біз оқыдық, сен де оқы!» тақырыбында кітап алмасу акциясы ұйымдастырылды. Оқырмандардың бір-бірімен өзара кітап алмасуы – Буккросинг. Шараның басты мақсаты оқырман мен кітап арасын жақындату, кітап оқуға шақыру, оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту.

<https://www.facebook.com/share/v/8Uqhmlu6CpraaidQ/?mibextid=WaXdOe>

24.01.2022 күні 4-сынып оқушыларымен бірге "Әжем айтқан ертегі" атты - шара ұйымдастырылды. Аталмыш шара онлайн форматта өткізілді. Оқушылар өздерінің әжелерімен бірге отырып оқыған ертегілерін бейнеролик арқылы ұсынды. Шараның негізгі мақсаты: оқушыларға әр түрлі тақырыптағы ертегілерді оқыта отырып, еңбексүйгіштікке, адалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

30.01.2022 күні «Біз отбасымызбен бірге кітап оқимыз» атты бейнеролик ұйымдастырылды. Отбасылық кітап оқу шарасына барлық оқушылар жанұяларымен белсене ат салысты. Бұл шараның негізгі мақсаты: Оқушыларды кітап оқуға тартып, оқыған кітаптарынан алған әсерлерімен бөлісе білуді үйрету. Балалардың кітап оқуға деген көзқарасын, ынтасын, ішкі мәдениеттерін қалыптастыру.

<https://www.facebook.com/share/v/15AETyJKhz/>

Кітапханамызда үнемі өткізілетін шаралардың бірі, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және оны қолдау мақсатында «**Көп оқып – көп білуге ұмтыл**» атты кітап бұрышы ұйымдастырылған. Бұл жерде әр оқушыға қойылатын талап, өзі қызыққан кез-келген кітапты бос уақыт тауып күнделікті оқуды әдетке айналдыру.

<https://www.instagram.com/p/C6D2kHjM11V/?igsh=MXA3YnZvZ2F5ZDk4MA==>

09.02.2023 ж қазақтың ұлы ақыны, жырау, айтыскер, халық ауыз әдебиетінің аса көрнекті өкілі Жамбыл Жабаевтың туғанына 177 жыл толуына орай “Жыр алыбы - Жамбыл” атты кездесу кеші ұйымдастырылды. Бұл кешке мектебіміздің 8-9 сынып оқушылары қатысты. Бұл кештің негізгі мақсаты – қазақ халқының ұлы ақыны, жыраулық дәстүрдің жалғастырушысы Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығын насихаттау, жас ұрпақтың рухани құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру.

<https://www.facebook.com/share/v/Eb73fCSc3TXmE8LE/?mibextid=WaXdOe>

03.03.2023 ж қазақтың дара перзенті, аса көрнеті, ұлы жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың туылғанына 125 ж толуына орай 9-10 сынып оқушыларымен бірге дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Бұл шараның мақсаты: Мұхтар Әуезовтың өмірі мен шығармашылығын насихаттау, жас ұрпақтың рухани құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру. Оқушыларды көркем әдебиеттер оқуға тарту.


https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=521040959073288&id=100035021662232&sfnsn=wa

13.04.2023 ж қазақтың аса көрнекті жазушысы Шерхан Мұртазаның туғанына 90 жыл толуына орай, кітапханашының ұйымдастыруымен “Шерхан мұрасы – ұлт мақтанышы” атты кітап көрмесі қойылды. Бұл көрме мектебіміздің 8-10 сынып оқушыларына таныстырылды. Көрмеге жазушының кітаптары мен құнды деректер қойылды. Бұл көрменің мақсаты:

көрнекті қаламгер, қоғам қайраткері **Шерхан Мұртаза** мұрасын насихаттау, оқушыларды жазушының өмірі мен шығармашылығымен таныстыру, ұлттық рухани құндылықтарға деген құрмет сезімін арттыру.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=521040959073288&id=100035021662232&sfnsn=wa

22.05.2023 ж жеке сыныптар бойынша жоқ оқулықтарды анықтап, тиісті жұмыстарды ұйымдастыру шаралары атқарылыды. Бұл шараның мақсаты: Оқу процесін сапалы ұйымдастыру мақсатында жеке сыныптар бойынша жоқ оқулықтардың нақты санын анықтап, қажетті оқулықтармен толық қамтамасыз ету үшін тиісті шараларды жүзеге асыру. Сыныптар бойынша жоқ оқулықтардың санын нақтылау, кітапхана қорын толықтыруды жүйелі түрде бақылау.



Кітапханашы: Ж. Нуртаева *Ж. Нуртаева*